# Ертегілер әлеміне саяхат.

# Кіріспе.

Ертегі – халқымыздың ертеден келе жатқан мәдени мұраларының бірі.

Халық өзінің дүниетанудағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы іс-әрекетін, барлық мұң-мұқтажын, күрес-тартысын, талап-тілегін шыншыл ертегілерде бейнелеп, суреттеген.



Сәлеметсіңдер ме, балалар!

“Ертегілер әлемі” саяхатына қош келдіңдер!

Ертегілерді бастамас бұрын, ертегі кейіпкерлерімен танысып алайық!!!

# “Үйшікей” ертегісінің кейіпкерлері.



- Балалар бұл кім?
- Әрине, бұл тышқан.

1.



- Бұл кім?
- Бұл бақа.

2.



- Бұл қандай аң?
- Бұл қоян.

3.



- Бұл қай аң?
- Бұл түлкі.

4.



- Бұл кім?
- Бұл қасқыр.

5.



- Бұл қандай аң?
- Әрине, бұл аю.

6.

# “Шұбар тауық” ертегісінің кейіпкерлері.



- Бұл кімдер?
- Дұрыс, бұлар ата мен әже.

1.



- Бұл кім?
- Әрине, бұл шұбар тауық.

2.



- Бұл кім?
- Дұрыс, бұл тышқан.

3.

# Бауырсақ ертегісі.



















# Шалқан ертегісі.

















# Ал енді ертегілерімізді бастаймыз!


Үйшікей

Ерте, ерте, ертеде жаймашуақ күндер кезінде, аланда бір үйшікей тұр еді.



1.

Жертесер тышқан үйшікейді көріп қалып, жақындап келді:

-Неткен үйшік! Кімдікі бұл үйшікей?

Ешкім жауап қатпады. Тышқан үйшікейге кіріп, сонда тұра бастады.



2.

Секіріп бақылдауық бақа келді:

📫 Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

📫 Мен, жертесер тышқанмын. Ал сен кімсің?

📫 Мен – бақылдауық бақамын.

📫 Кел, бірге тұрайық.

Екеуі бірге тұра бастады.



3.

Секектеп секек қоян келді:

- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, ал сен кімсің?

📫 Мен – секек қоянмын.

📫 Кел, бірге тұрайық.

Олар үшеуі бірге тұра бастады.



4.

Жүгіріп жылмаң түлкі келді:

📫 Неткен үйшік! Үйшікейде кім тұрады?

📫 Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, ал сен кімсің?

📫 Мен – жылмаң түлкімін.

📫 Кел, бірге тұрайық.

Олар төртеу болып үйшікейде тұра бастады.



5.

Айналып жүріп қасқыр келді:

- Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?
- Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, ал сен кімсің?

📫 Мен – қасқырмын.

📫 Кел, ендеше бірге тұрайық.

Сөйтіп, бесеуі үйшікейде тұра бастады.



6.

Үйшікейге аю келіп, есік қақты:

- Неткен үйшік! Үйшікейде кім тұрады?

📫 Біз – жертесер тышқан, секек қоян, жылмаң түлкі, қасқыр, ал сен кімсің?



7.

Ал мен – жантайғыш аюмын. Үйшігіңе жантая кетсем – бәрің жаншылып қаласыңдар!

Қорқып кеткен аңдар үйшікейден қашып шықты.



8.

Сөйтіп жантайғыш аю үйшікейдің үстіне жантая кетіп еді, үйшікей қирап қалды.



9.

Кейін өз ісіне өкінген аю достарына одан да үлкен үйшікей салып, бәрі бірге баянды өмір кешкен екен.



# Ертегінің соңы.

# “Үйшікей” ертегісі бойынша тапсырма.

1. Тышқанның жақсы көретін асы?
2. Бақа не жегенді ұнатады?
3. Қоян қай бақша дақылын жейді?
4. Түлкі не жейді?
5. Қасқыр ше?
6. Аю қандай тәттіні жақсы көреді?


Шұбар тауық



1.



2.



3.



4.



5.



6.



7.




8.

# Ертегінің соңы.

# “Шұбар тауық” ертегісі бойынша тапсырма.

1. Шұбар тауықтың орысша атауын білесіңдер ме?
2. Жұмыртқаны кім жарды?
3. Ата мен әжеге өлең айтып беріңдер.

# "Жеті лақ" ертегісі

Ертеде шөбі шүйгін тоғайда бір ешкі өмір сүріпті. Оның өзіне тартқан сүйкімді лақтары бар екен. Ешкі тоғайдан өздеріне жайлы жер таңдап алып, ағантан үй салады. Лақтармен бірге сонда тұрып жатады. Таңсәріден лақтарына тамақ іздеп кетеді. Жайлауға барып жайылып, өзеннің суын ішеді. Кетерінде лақтарына:

Есікті мықтап бекітіп отырындар. Мен келгенше ешкымге ашушы болмаңдар, - деп үнемі ескертеді.



Өзі тоғайға барып, шөбі шүйгін жерге жайылады. Өзеннің суын ішіп шөлін қандырады. Жайылып журып ешкі «Лақтарым өскенде осында келіп жайылатын болар. Әлі-ақ бәріміз бірге журеміз. Қарақтарым ертерек өссе екен» деп қашанда лақтарын ойлайды. Үйіне тезірек оралуға тырысады.



Түсте лақтарына қайтып оралған ешкі мүйізімен есікті қағып:
Лақтарым, қарақтарым,
Естідіме құлақтарың.
Сүтін жинап келді енең,
Еміп, тойсын тамақтарын.
Аш есікті шырақтарым, - деп өлеңдетеді.

Шешесінің дауысын естіп лақтар есікті ашады. Ешкі балаларын емізіп тойғызады да, қайтадан тоғайға кетеді.



Ешкі мен лақтарды сырттай бақылап бір сұм қасқыр жүреді екен. Бір күні сырт жақтан ешкінің жайылуға кеткенін көрген оған «Ширкін-ай, түскі аста лақтардың бір-екеуін жесем гой» деген жаман ой келеды. Аш қасқыр енді қарнын тойғызудың қамымен лақтарды қалайда жегісі келеді. Ол ешкінің карасы көрінбей кеткенге дейін әрең шыдайды.



Содан кейын есік алдына келіп күжілдеген жуан дауысымен олеңдете бастайды.

Лақтарым, қарақтарым,
Естідіме құлақтарың.
Сүтін жинап келді енең,
Еміп, тойсын тамақтарын.
Аш есікті шырақтарым.

Лақтар дауысты естиды. Шешесінің дауысына ұқсамайды. Күжілдеген дауыстан қасқыр екенін біледі.



Естідік, естідік, сен біздің анамыз емессің. Сенің дауысын анамыздың дауысына ұқсамайды. Тіпті қорқынышты екен. Қасқыр екеніңді кім білмейді? Күжілдеген дауыс сенен басқа кімде болуы мүмкін. Кет бұл жерден, қасқыр, жөніңе жүре бер, қазір анамыз келеді, - деп есікті ашпайды.

Қасқыр күтіп ары отырады, бері отырады. Лақтар есікті ашпайды. Ақыры, аузына түк түспей, ойлағаны іске аспай аш кетті.



Біраздан кейін жайылымнан лақтардың шешелері келеді. Әдетінше әндетіп:

Лақтарым, қарақтарым,
Естідіме құлақтарың.
Сүтін жинап келді енең,
Еміп, тойсын тамақтарын.
Аш есікті шырақтарым, - дейді.

Лақтар есікті ашып, анасына болған жағдайды баяндайды. Сөзін тындағаны үшін ешкі балаларына разы болады.



Ақылды кішкентай ғана лақтарын: Міне, есті болдыңдар, сендерді қасқыр әкетіп, аналарын жылап қалар еді. Сендер қасқырды дауысынан танып қойдындар, сондықтан ол зұлымдығын жасай алмайды. Өмір сабағы деген осы, - деп әбден мақтаныпты.



# Қорытынды:

Ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Ертегі балалардың ел мен жерге сүйіспеншілігін оятып, азаматтық алғашқы түсінігін қалыптастыруға көмектеседі.

Ертегідегі жиі кездесетін оралымдар балалрдың тілін дамытып, сөздік қорын молайтады.

**Ертегіні көп оқиық, балалар!**

# Назарларыңызға рахмет!